

Елге қызмет - абыройлы міндет

Лаура МҰХАМЕТҚАЛИ,
«Қарқара» газеті.

аудандық қазынашылық басқармасы басшысының орынбасары қызметін атқарды.

Ал 2023 жылдың ақпан айынан бастап Кеген аудандық қазынашылық басқармасының басшысы болып тағайындалды. Бұл – ұзақ жылғы адал еңбектің заңды жемісі.

Ғайсагүл Тұрғанқызы үшін қазынашылық – жай ғана мекеме емес, мемлекет қаржысының тұрақтылығын қамтамасыз ететін жауапты құрылым. Ақша ағындарын тиімді басқару, қаржылық тәртіпті сақтау, тәуекелдерді алдын ала болжау – мұның бәрі терең білім мен байыптылықты талап етеді.

Осықасиеттерді ол жылдар бойы бойына сіңіріп, әр шешімінде салмақтылық пен дәлдік танытып келеді.

Әріптестерін де әрдайым құрметпен еске алады. Бірге қызмет атқарған аға

Адал еңбек, төккен тердің өтеуі...

Жексенова Тұрахан ұрпағын адалдыққа, еңбекқорлыққа, білімге құштарлыққа баулыды. «Оқы, оқы және оқы» деген әке сөзі оның өмірлік ұстанымына айналды.

Мектеп қабырғасында үздік оқып, қоғамдық жұмыстарға белсене араласты. Оқушылар комитетінің төрағасы, сынып старостасы болып, көшбасшылық қасиетін ерте танытты.

Спортты серік етіп, жарыстардан қалмай, жан-жақты дамуға ұмтылды. Күміс медальмен тәмамдаған мектептен кейін 1983 жылы есеп-кредит техникумына оқуға түсіп, математика пәнінен үздік білімінің арқасында емтиханды ойдағыдай тапсырады. Бұл жетістікке мектептегі ұстазы Әукен ағайдың еңбегі зор болды.

Ауыл шаруашылығын кредиттеу мамандығын игерген жас маман жолдамамен Өскемен қаласына аттанады. 1985–1988 жылдары Өскемен қаласындағы Ульба ауданының Мемлекеттік банкісі мен Промстройбанкісінде есепші, экономист, кейін бас кредиттік экономист қызметтерін атқарды. Жас болса да алғырлығымен, өткір мінезімен, іске деген тиянақтылығымен ерекшеленді. Өзге орта, өзге тіл, өзге мәдениет – бәрі де оны шыңдап, кәсіби тұрғыда өсірді. Сол жылдардағы басшысы Құсайынов Қуанышбек пен ақыл-кеңесін аямаған Мария Васильевна сынды жандардың тәлім-тәрбиесі оның өмір жолында айрықша із қалдырды.

Алайда ата-ананың алақаны қашанда

ыстық. Әке хаты туған жерге қайта оралуына себеп болды. 1988 жылдан бастап туған ауылында еңбек жолын жалғастырып, көмекші шопаннан бастап, Кеген аудандық комсомол комитетінің бас есепшісі қызметіне дейін көтерілді. Ұзынбұлақ ауылында шаңырақ көтеріп, отбасы мен қызметті қатар алып жүрді. Екі қыз, бір ұл тәрбиелеп өсіріп, ана бақытын да, еңбек жауапкершілігін де қатар арқалады. 1993 жылдан бастап қаржы саласындағы қызметі жаңа белеске көтерілді. Кеген аудандық есеп-кассалық орталығында, кейін Ұлттық банк жүйесінде іс жүргізуші, есепші, бас есепші қызметтерін атқарды.

Сол кезеңде Қазақстанның қаржы тарихындағы айтулы оқиға – ұлттық валютаның айналымға ену сәтіне куә болды. Ел экономикасының қалыптасу кезеңінде жауапты міндеттерді абыроймен атқарды. Кейін мекеме атаулары өзгеріп, құрылымдар жаңарғанымен, оның мамандығына деген адалдығы өзгерген жоқ. Қазынашылық жүйесінде сектор меңгерушісі, бас есепші, бөлім бастығының орынбасары лауазымдарын атқарып, тәжірибесі мен біліктілігін шыңдай түсті. Басшылық қызметтерге тағайындалуы – көп жылғы еңбегінің әділ бағасы еді. Әріптестерінің сенімі мен басшылықтың қолдауы оны жаңа жауапкершіліктерге жетеледі. 2008–2018 жылдары Райымбек аудандық қазынашылық басқармасы басшысының орынбасары, 2018–2023 жылдары Кеген

буын өкілдері – Арғынбекова Ұлдахан, Ақжігітов Бақыт, марқұм болған Искаков Мұқатай, Тайбанов Тамаша сынды азаматтардың еңбегін жоғары бағалайды. Кейінгі буын әріптестеріне де сеніммен қарайды: Айбол Айдос, Тоқтамбекова Әлия, Асыранқұлова Гүзира, Алжунисова Ұлжалғас, Нақысбекұлы Жанат, Сұраншы Айнұр – саланың болашағы деп біледі.

Еңбегі елеусіз қалған емес. Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті, Алматы облысы бойынша қазынашылық департаменті, облыс және аудан әкімдерінің Құрмет грамоталарымен марапатталған.

«Жас – бұл тек сан. Ал тәжірибе мен жауапкершілік – нағыз маманның өлшемі» дейді ол. Алпыс жасқа келсе де, сүйікті мамандығына деген қызығушылығы мен ынтасы әлі де жоғары. Білімін жетілдіріп, заман талабына сай жұмыс істеуге әрдайым дайын.

Өмір жолы – табандылықтың, адалдықтың және мамандыққа деген шынайы сүйіспеншіліктің үлгісі. Өз ісіне берілген жан ғана осындай биікке жете алады. Ғайсагүл Тұрғанқызы үшін еңбек – парыз, мамандық – тағдыр, ал адалдық – өмірлік қағида.

Алдағы мақсаты – жинақтаған мол тәжірибесін ел игілігіне жұмсап, зейнеткерлікке дейін банк жүйесінің тұрақты дамуына үлес қосу.

Өз мамандығын шын сүйген жанның жолы әрдайым жарық болмақ.